



**МАХАНОВ ТАЛҒАТ ҒАБИТҰЛЫ<sup>1</sup>**

*<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының  
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.*

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫ ҮШІН  
ТАҒАЙЫНДАЛАТЫН ҚОСЫМША ЖАЗАЛАРДЫҢ КЕЙБІР  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Түйін.** Осы мақалада автор қолданыстағы қылмыстық заңнамада көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін тағайындалатын қосымша жазаларға сипаттама жасады. Аталған қылмыстар бойынша сот-тергеу тәжірибесіне талдау жасалды. Оның нәтижесінде Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына толықтырулар ұсынылды. Сонымен бірге, аталған қылмыстармен күресуде превентивтік шаралардың маңыздылығын ескере келе, қосымша жазаның алатын орнын ерекшелейді.

**Түйінді сөздер:** қылмыс, сыбайлас жемқорлық, жаза, қосымша жаза, сот тәжірибесі, талдау.

**Аннотация.** В статье автором рассматриваются виды дополнительных наказаний за коррупционные преступления, предусмотренные действующим уголовным законодательством. Проведен анализ судебной-следственной практики по указанной категории преступлений. По результатам анализа автором предложены дополнения в уголовное законодательство Республики Казахстан. Кроме того, учитывая значимость превентивных мер, особо отмечена роль дополнительных наказаний в противодействии коррупционным преступлениям.

**Ключевые слова:** преступление, коррупция, наказание, дополнительные наказания, судебная практика, анализ.

**Abstract.** In the article the author reveals the types of additional punishments for corruption crimes provided by the current criminal legislation. The analysis of the judicial-investigative practice on the specified category of crimes is carried out. Based on the results of the analysis, the author suggests additions to the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan. In addition, taking into account the importance of

preventive measures, the role of additional punishments in counteracting corruption crimes was specially noted.

**Keywords:** crime, corruption, punishment, additional punishment, judicial practice, analysis.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесі біздің мемлекетіміздің және қоғамның ең бір өткір мәселелерінің бірі. Сыбайлас жемқорлық өзінің барлық көріністерінде қоғамдық және мемлекеттік мүдделерге шынайы қауіп төндіреді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған күрес жалғаса беретіндігін айтты [1].

Шынында да, аталған қылмыстар қоғамымызда үлкен талқылауға түсіп келеді және мемлекет тарапынан тиісті шаралар қолданылып отыр. Алайда, бұл қылмыстарды жойып жіберудің мүмкін болмай отырғаны жөнінде отандық ғалымдар да делелдеп отыр [2].

Аталған қылмыстың қоғамға қауіптілігі бүкіл елдерде жоғары, сондай-ақ шетел ғалымдарының жүргізген әлеуметтік және статистикалық зерттеулері оған куә болып отыр [3].

Бұл жұмыстың мақсаты сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін тағайындалатын қосымша жазаларды жетілдіру болып табылады. Ал, міндеттері тиісінше, аталған жазаларды жетілдіру бойынша қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қарастырылған.


Сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы әрекет ету жоспарында жаза тағайындау қылмыстық заңнаманы қолдану процесінің аяқтау кезеңі болып табылады, оның шеңберінде оны қорғау және алдын алу функциялары жүзеге асырылады. Жаза мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше шарасы болып табылады, соңғы жылдары сандық және сапалық сипаттамалардың дамуының келеңсіз беталысын айқындайтын қылмысқа қарсы әрекет ететін негізгі құрал болып қала береді.

Өзектілігіне дәлел ретінде, ресми статистикалық мәліметтерге сүйенсек, сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша 2017 жылдың 12 айында барлығы 1001 адам сотталған (*1 Кесте мен 1 Суретті қараңыз*). Оның ішінде, 261 адамға бас бостандығынан айыру, 461 адамға айыппұл, 798 мүлкін тәркілеу, 941 мемлекеттік қызметпен айналысу құқығынан айыру, 297 кәсіби, әскери шенінен айыру жазалары қолданылған.

2016 жылдың 12 айында барлығы 903 адам сотталған. Оның ішінде, 265 адамға бас бостандығынан айыру, бас бостандығын шектеу 104 адамға, 1 адамға түзеу жұмыстары, 465 адамға айыппұл, 724 мүлкін тәркілеу, 847 мемлекеттік қызметпен айналысу құқығынан айыру, 225 кәсіби, әскери шенінен айыру жазалары тағайындалған [4].

Жылдар	Барлығы сотталған тұлғалар	Негізгі жазалар				Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір
		Бас бостандығынан айыру	Бас бостандығын шектеу	Түзеу жұмыстары	Айыппұл	
2016	903	265	104	1	465	8
2017	1001	261	142	0	461	9

**1 Кесте.** 2016-2017 жылдардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша сотталғандар және оларға тағайындалған жаза түрлері жайлы мәліметтер



**1 Сурет.** 2016-2017 жылдардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша сотталған адамдар саны.

Қазіргі таңда, аталған санаттағы қылмыстар үшін жаза тағайындау мәселесі өзекті болып отыр, себебі қоғамға аяны бұл қылмыстардың қоғамға қауіптілік дәрежесі едәуір жоғары.

Сонымен қатар, Қазақстан

Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) 52-бабы 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға ҚР ҚК Ерекше бөлігінің тиісті бабында белгіленген шектерде және ҚР ҚК Жалпы бөлігінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалатындығы белгілі [5 б. ].

Қылмыстық заңнамадағы негізгі

жазамен қоса, 40-баптың екінші бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға мынадай қосымша жазалар:

- мүлкін тәркілеу;
- арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру;

- белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;

- Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру;

- шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қолданылуы мүмкін [5].

2014 жылы қабылданған жаңа қылмыстық заңнамада сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қарсы іс-қимылды іске асыру мақсатында жазалау саясатында көптеген өзгерістер енгізілген. Бұл қылмыстарды жасаған тұлғаны шартты түрде соттауға жол берілмейді, параның еселенген сомасындағы айыппұл түріндегі жаза түрі енгізілді, сондай-ақ белгілі бір

лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойы айыру барлық сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін міндетті түрде тағайындалатын қосымша жаза ретінде бекітілді.

Көптеген шет мемлекеттерде, мысалы Ұлыбританияда, паракорлық қылмыстарын жасаушыға бас бостандығынан айырумен қоса, сайлануға және сайлауға қатысу құқығын жеті жыл мерзімге шектейді, ал егер де қайта сотталу кезінде өмір бойы қызметтік міндеттерін атқару құқығынан айырады [6].

Ал, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойы айыру қосымша жаза түрі сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін превентивтік әсер етуі жоғары деп санаймыз.

Қазақстан Республикасы соттарының қосымша жаза шараларын тағайындау тәжірибесін талдау көрсетіп отырғандай, соттар қосымша жаза шаралары ретінде белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметті атқару құқығынан айыруды жиі қолданып келеді (2 Суретті қараңыз).



**2 Сурет.** 2016-2017 жылдардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша тағайындалған қосымша жазалар саны.

Сонымен қатар, кей жағдайларда, сот тәжірибесінде қосымша жазалар жаза тағайындаудың жалпы бастаулары мен мақсатына сай тағайындалмай жататын фактілері кездесіп отырады.

Мәселен, 2017 жылдың 10 қазанында Павлодар облысы Май аудандық сотының үкімімен азамат Ж. ҚР ҚК 189 бабы 3-бөлігі 1) және 2)-тармақшаларымен көзделген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, мүлкі тәркіленіп, кәмелетке толмағандар жұмыс істеумен байланысты лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыра отырып, бес жыл бас бостандығынан айыруға, ал ҚР ҚК 361 бабы 1-бөлігінде көзделген қылмысты жасағаны үшін мүлкі тәркіленіп, кәмелетке толмағандар жұмыс істеумен байланысты лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыра отырып, 1 жыл бас

бостандығынан айыруға жазаланған.

Алайда, азамат Ж. кәмелетке толмағандармен жұмыс істеумен байланысты мекемеде қызмет атқарғанымен, оның қызметтік міндеті кәмелетке толмағандарды тікелей тәрбиелеумен байланысты болмаған, тек мемлекеттік мекеменің қаржылық қамтамасыз ету, басқару міндетімен байланысты болған. Оған қоса, азамат Ж. сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағандықтан, оған мемлекеттік қызметпен айналысу құқығын айыру жазасын тағайындау қажет болатын.

Тиісінше, Бас прокурордың наразылығымен аталған үкім жойылып, мемлекеттік қызметте, судья қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталында мемлекет үлесі елу пайыздан асатын ұйымдарда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық

холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы аталған еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салынуға өзгертілген [7].

Тағы бір мысал, Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық сотының 2017 жылғы 6 ақпандағы үкімімен азамат В. ҚК-нің 190-бабы 4-бөлігінің 2) тармағымен мүлкі тәркіленіп, коммерциялық ұйымдарда басшылық қызметтерді атқару құқығынан өмір бойына айыра отырып, 8 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Алайда, ҚК-нің 50-бабының 2-бөлігіне сәйкес, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру сыбайлас жемқорлық және экономикалық қылмыстардың жекелеген санаттары, сондай-ақ көрінеу кәмелетке толмаған және жас балаға қатысты қылмыстарды жасағаны үшін тағайындалады.

Сотталған азамат В аталған қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасамаған. Алайда көрсетілген қылмыс санкциясында белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметті атқару құқығынан өмір бойына айыру жазасы міндетті түрде көзделген.

Сонымен бірге, тәркілеу сотталғанның және (немесе) үшінші

тұлғалардың меншігінде тұрған, заңсыз тәсілмен табылған не заңсыз тәсілмен табылған қаражатқа сатылып алынған мүлікке, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікке ғана қолданылуы мүмкін.

Іс бойынша анықталғандай, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында сотталған В.-ның атында қандай да бір мүліктің бар-жоғы анықталмаған.

Мұндай жағдайда, сотталушыға қосымша жаза түрі дұрыс тағайындалмай, қылмыстық заңның дұрыс қолданылмауына байланысты, сот актілері өзгертілуге жатады.

Нәтижесінде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының үкімімен сотталған азамат В.-ға тағайындалған коммерциялық ұйымдарда басшылық қызметтерді атқару құқығынан өмір бойына айыру жазасы жойылып, оған коммерциялық ұйымдарда басшылық қызметтерді атқару құқығынан 10 жылға айыру қосымша жазасы тағайындалған, сондай-ақ мүлкін тәркілеу түріндегі қосымша жаза алынып тасталған [8].

Негізі, ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігінің 2) тармағымен көзделген қылмыс құрамы сыбайлас жемқорлық қылмысы болып табылады. Санкциясында да мүлкі тәркіленіп, ал 2) тармақта көзделген жағдайларда белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға

жазаланатындығы көзделген. Яғни нақты сыбайлас жемқорлық қылмысын ерекшелеп отыр.

Сонымен, қорыта келе, сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша соттар жаза тағайындау кезінде тағайындалатын жазаның жасаған қылмысқа сай, қылмыстық заңнама талаптарын, жаза тағайындау мақсатын орындауын ескеріп, тағайындауы керек. Себебі, ресми деректерге сай, қылмыстың қарқындауы дәлел болып отыр.

Бұл санаттағы қылмыстардың қоғамға қауіптілігі едәуір жоғары болуына байланысты, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру қосымша жазасын нақты сыбайлас жемқорлық қылмыстарына міндетті түрде тағайындау қажет. Себебі, өмір бойы лауазымды атқару құқығынан айыру арқылы ғана жемқорлардың аталған қылмысты қайта жасауына жол берілмейді. Заңнамалық реттеу тарапынан аталған қылмыстарға қарсы іс-қимылды жетілдіру аясында, тиімді, әсер етуші превентивтік шара болатынын ескеру керек.

Жоғарыдағы мәселенің екі түрлі шешу жолдары бар.

Біріншісі, қылмыстық заңнамамыздың аталған бабы 4-бөлігінің 2) тармағымен көзделген қылмысты жасаған жағдайда оның да санкциясында тиісті ескертулер болуы керек. Сол себептен келесі **өзгерту мен толықтыруды ұсынамыз:**

*«190-бап. Алаяқтық*

*4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде*

*көзделген іс-әрекеттер, егер оларды:*

*1) қылмыстық топ жасаса;  
2) аса ірі мөлшерде жасалса, – мүлкі тәркіленіп, осы баптың 3-бөлігінің 2) тармағында көзделген жағдайда белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».*

Екіншіден, Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысының 28-бөлігіне сәйкес, соттар сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстар үшін кінәлі деп танылған адамдарға жаза тағайындауға саралап қарау туралы заңның ережесін қатаң орындаулары қажет. Осы ретте соттар «Қылмыстық жазаны тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 нормативтік қаулысының түсіндірмелерін ескере отырып, қылмыстық жазаның тым жұмсақ немесе тым қатаң түрінің тағайындалуына жол бермей, жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін негізге алуға тиіс [9].

Ал, аталған сілтемедегі қаулының 2-бөлігіне сай, қылмыстық топтардың құрамында қылмыстық құқық бұзушылықты, сыбайлас жемқорлыққа қатысты, террористік, экстремистік қылмыстарды, сондай-ақ кәметке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы

қылмыстарды жасағаны үшін кінәлі деп танылған және түзелу жолына түсуді қаламайтын бұрын сотталған адамдар үшін заңмен көзделген қатаң жазалау шараларын міндетті түрде талқылаудың және қолданудың қажеттілігіне соттардың назары аударылу керектігі жазылған [10].

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес, Ізгілендіру процесі қос векторлылық қағидасын ескере отырып жүргізілуі тиіс. Бір жағы – алғаш рет ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасаған адамдарға, сондай-ақ халықтың әлеуметтік әлсіз топтары - жүкті және асырауында кәмелетке толмаған балалары бар жалғызбасты әйелдерге, кәмелетке толмағандарға, жасы ұлғайған адамдарға қатысты

болуға тиіс. Ал, екінші жағы, ауыр және аса ауыр қылмыстар жасауға кінәлі, қылмыстық қуғындаудан жасырынып жүрген адамдарға қатысты, сондай-ақ қылмыстар кәнігілігі кезінде қатал қылмыстық саясатты алдағы уақытта да жүргізу қажет [11].

Алайда, сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жазаны ауырлату, біздің ойымызша, ізгілендіру саясатының екінші жағына сай келеді. Сондықтан, жоғарыдағы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында сыбайлас жемқорлық қылмыстарына жататын ҚР ҚК сараланушы белгілері бар тиісті баптарындағы көзделген қылмыстарды жасаған тұлғалар үшін заңнамада көзделген жазаның ерекшелілігін ескеріп, тиісті жаза тағайындау жөнінде нұсқаулық етуді жөн санаймыз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы [Текст] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты ([http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar)) - интернет қайнаркөздер.

2. Рахметов, С.М. Уголовно-правовые меры борьбы с коррупцией: [Текст]: монография // С.М. Рахметов, И.Ш. Борчашвили. - Астана: АртPrint XXI, 2012. - 363 с. – кітап.

3. Илий, С.К. Анализ основных тенденций коррупционной преступности в России [Текст] // С.К. Илий. Всероссийский криминологический журнал. — 2016. — Т. 10, № 3. — С. 531–543. — DOI : 10.17150/2500-4255.2016.10(3).531-543. – журнал.

4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 және 2017 жылдардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша сотталғандар жөніндегі статистикалық мәліметтері [Текст] // Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқық статистика және арнайы есеп комитетінің ақпараттық сервисі



(<http://www.service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Sevices/Pravstat>) - интернет қайнаркөздер.

5. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №226-V ҚРЗ [Текст] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – (<http://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>) – интернет қайнаркөздер.

6. Наказание за взяточничество в разных странах мира [Текст] // - (<https://www.zakon.kz/128344-nakazanie-za-vzjatochnichestvo-v.html>) – интернет қайнаркөздер.

7. Павлодар облысы Май аудандық сотының мұрағатынан [Текст] // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот кабинеті ақпараттық сервисі. – (<http://www.office.sud.kz/lawsuit/lawsuitList.xhtml>) – интернет қайнаркөздер.

8. Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық сотының мұрағатынан [Текст] // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот кабинеті ақпараттық сервисі. – (<http://www.office.sud.kz/lawsuit/lawsuitList.xhtml>) – интернет қайнаркөздер.

9. Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 нормативтік қаулысы [Текст] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000008S>) – интернет қайнаркөздер.

10. Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 нормативтік қаулысы [Текст] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S>) – интернет қайнаркөздер.

11. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығы [Текст] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – ([http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858_)) – интернет қайнаркөздер.